




РЕВМАТИЗМ



Ревматизм – бұл организмдегі дәнекер тіндердің, негізінен жүрек қабаттарының және жүрек қан тамырларының қабынып, зақымдануымен сипатталатын созылмалы инфекциялық-аллергиялық ауру. Ревматизм көбінесе 7-15 жас аралығындағы балаларда байқалады, 2 жасқа дейінгі балаларда өте сирек кездеседі.





Себептері: Аурудың қоздырғышы-бета гемолитикалық «А» тобының стрептокогы. Ревматизм ауруы әдетте бала бета гемолитикалық стрептококпен шақырылатын баспалардан, скарлатина, фарингит ауруларынан кейін 10-15 күн өткеннен кейін басталады. Яғни, аурудың туындауы үшін, қоздырғыштан басқа бала организмнің ауруға бейімділігінің де үлкен маңызы бар. Ревматизм ауруының себептерінің бірі ретінде тұқым қуалаушылық факторды да атауға болады, өйткені ол көбінесе ата-анасының біреуі жүрек ауруымен ауырса немесе егіздердің біреуі ауырса байқалатыны анықталады.

Ревматизм

Емі-Ревматизмге шалдыққан балаларды емдеу ұзақ және сатылап, кешенді түрде жүршізіледі.

1-ші сатысы-арнайы ревматологиялық бөлімшеде, ауруханада емделеді.


2-ші сатысы-шипә жайларда(санаторияларда)

3-ші сатысы-емханада, «Д» есепке алынып өткізіледі.

1. Ауруханадағы ем 1,5-2 айға созылады.


2-4 аптаға қатаң төсек режимі тағайындалады, біртіндеп, баланың жалпы жағдайына және лабораториялық тексерулердің көрсеткіштеріне қарап кеңейтіледі.

Тамағы баланың жасына сәйкес, тұздың мөлшері 5-6 гр-ға дейін, судың мөлшері тәулігіен 1 литрге дейін шектеледі. Құрамы калий тұздарына бай тағамдар: сүзбе, қара өрік, кураға, картоп, алма, капуста т.б. беріледі.



2.Емнің 2-ші сатысы жергілікті санаторийлерде жүргізіледі. 2-3 ай бойы балаға дәрілермен емдеу тоқтатылмайды, тек дозасы 2 есе азайтылады, емдік гимнастика, организмді жалпы нығайту шаралары, шынықтыру, рационалды тамақтандыру, витаминдермен емдеу жүргізіледі.

3.Емнің 3-ші сатысында ауру бала жергілікті ревматолог дәрігердің есебіне алынып, амбулаториялық жағдайда өткізіледі. Бұл кезде аурудың қайталануына қарсы бағытталған алдын алу емі жүргізіледі: бициллин 5 жыл қатарынан, 3 аптада 1 рет, мектеп жасына дейінгі балаларға 600000 ЕД, мектеп жасына дейінгі балаларға айына 1 рет 1200000-1500000 Б; Жылына 2 рет (көктемде және күзде) 1 ай бойы аспирин мен витаминдер комплексі тағайындалады. 3 жылдан соң бициллин-5 және аспирин алдын алушы дозаларда тек жылына 2 рет 5-8 апта бойы тағайындалады.



Алдын алу. Ревматизмнің алдын алу шаралары біріншілік және екіншілік болып бөлінеді.

Біріншілік алдын алудың мақсаты ревматизмді болдырмай, оның алдын алу: үй – тұрмыстық жағдайларын жақсарту; баспаларды дұрыс емдеу(кемінде 10 күнге антибиотиктер тағайындау); стрептококк қоздырған басқа ауруларды да дер кезінде аңқтап, емдеп, сауықтыру; тіс жегісі бар, созылмалы тонзилитпен ауыратын балаларды есепке алып, емдеу, сауықтыру, баланы шынықтыру, жалпы қорғаныс күштерін арттыру.

Екіншілік алдын алу ревматизммен аурып, емделіп шыққан балаларға кейінгі қайталануларының алдын алу үшін жүргізіледі. Бала 5 жылға дейін жергілікті ревматологтың және педиатрдың «Д» есебіне алынады. Жоғарыда көрсетілген тәртіппен, қайталануға қарсы 5 жыл бойы ем, бақылау жүргізіледі.



Тест

- 1)жүрек қан-тамыр жүйесі
- 2)физикалық даму жасынан төмен
- 3)бетін тыржыңдатады
- 4)тұмау, асфиксия
- 5)гемолитикалық стрептококк А тобы

- 6)ревматологта
- 7)жиі ангинамен ауру
- 8)терісі мен шырышты қабаттарының көгеруі